

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

«Ынтымақты отбасы болу – әкеден» дөңгелек үстелінің анықтамасы

Мақсаты:

Әкенің отбасы өміріндегі маңызын талқылау, отбасылық ынтымақ пен бірлікті нығайту жолдарын қарастыру, әке беделін көтеруге бағытталған ой бөлісу.

Қатысушыларды қарсы алып, жиналыстың мақсаты түсіндірілді. Психолог әкенің отбасы тірегі ретіндегі орны мен балаларды тәрбиелеудегі маңызын ұлттық құндылықтарға негіздей отырып баяндады. Қатысушылар әке рөлі туралы өз пікірлерін ортаға салды. Балалар мен ата-аналар отбасы құндылықтары мен тәрбие үлгілері бойынша өз тәжірибелерін бөлісті. Қойылған сұрақтар бойынша пікірталас жүргізілді:

Әке отбасы мүшелері үшін қандай үлгі болуы тиіс?

Балалардың әкеге деген құрметін арттыру жолдары.

Қатысушылар «Ынтымақты отбасы болу үшін 5 қадам» тақырыбында өз ұсыныстарын дайындады.

Балалар мен ата-аналар бірігіп, қағаздан «Әке – отбасының тірегі» символын жасады. Балалардың әкеге деген құрметін арттыру үшін ойындардың рөлі зор. Олар арқылы бала өз ойын жеткізуді, ортақ шешім табуды, ынтымақ пен жауапкершілікті үйренеді. Сол себепті балабақша психологы әкелерге баламен жақын қарым- қатынасты орнату мақсатында бірнеше ойын түрлерін көрсетіп әкелермен бірге жүргізілді. Әкелердің көңіл күйі көтеріліп, алдағы уақытта қолданатындықтарын айтты. Бұл ойындар балалардың әкеге деген құрметін арттырып, отбасы бірлігін нығайтуға бағытталған. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас жақсартып, отбасылық құндылықтардың маңыздылығына негізделген.

Қорытынды: Жиналыс нәтижесінде қатысушылар әкенің тәрбиелік рөлін терең түсініп, отбасы ынтымағын арттыру жолдарын ұсынды. Қатысушылар тарапынан әкелердің белсенділігін арттыруға бағытталған бірқатар ұсыныстар қабылданды.

Әдіскер: Саттыкова А